



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2023 жылғы 17 ақпандағы № 16-13-77 Д/С

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің еліміздің елді мекендерін өртке қарсы қорғауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі уақытта өрт сөндіру депосын жобалау мен қажеттілігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (ҚР ҚН 2.02-04-2014 «Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау», ҚР ЕЖ 2.02-105-2014 «Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау» ҚТҮКШК 2014ж. 29.12. № 15бнк бұйрығы) және «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» техникалық регламенті (ҚР ТЖМ 2021 ж. 17.08. №405 бұйрығы) талаптарына сәйкес анықталады, онда негізгі индикаторлар халық саны, елді мекен аумағының ауданы, өрт жағдайын талдау және өрт сөндіру есептерінің әрекет ету уақыты болып табылады.

**Анықтама үшін:** саны 5000 адамға дейінгі елді мекендер үшін екі шығуға 1 өрт сөндіру депосын, 5000-нан 20000 адамға дейін – 6 шығуға 1 депо, 20000 – нан 50000-ға дейін - 6 шығуға 2 деподан (және т.б.) салу көзделген, қызмет көрсету радиусы 3 км және қалаларда әрекет ету уақыты 10 минутқа дейін, ал ауылдық жерлерде 20 минутқа дейін.

Төтенше жағдайлар министрлігінің ақпараты бойынша бүгінгі таңда елімізді өрттен қорғауды 426 өрт сөндіру депосы қамтамасыз етеді, олар халық саны 15 млн адамнан асатын 2 558 елді мекенді қорғауды жүзеге асырады.

Соңғы 5 жылда республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен 11 өрт сөндіру депосы салынды (оның ішінде 2-і ауылдық жерлерде), ал 2024 жылға дейін тағы 20 депоны пайдалануға беру жоспарлануда (оның 6-ы ауылдық жерлерде).

Өрт сөндіру деполарын және құтқару станцияларын басым салу жоспары шеңберінде (ІІМ-нің 2019 ж. 31.07. № 667 бұйрығы) 2030 жылға дейін халық саны 5 мың адамнан асатын елді мекендерде 47 өрт сөндіру депосын салу жоспарланған (47 депоның 18-і ауылдық елді мекендерде салу жоспарлануда). Бұл ретте өрт сөндіру бөлімшелерінің жалпы қажеттілігі 121 депоны құрайды.

Азаматтық қорғау органдары объектілерінің инфрақұрылымын кеңейту, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, бөлінген бюджет қаражаты шеңберінде жүзеге асырылатынын атап өткен жөн.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ ауылдық елді мекендерді өртке қарсы қорғауды қамтуды ұлғайту мақсатында жергілікті атқарушы органдар өрт сөндіру бекеттерін құрады.

Қазіргі уақытта 586 өрт сөндіру бекеті құрылды, олар 1,9 млн адамнан асатын 1876 ауылдық елді мекенді қорғауды қамтамасыз етеді. 2023 жылдың соңына дейін 264 ауылдық елді мекенді қорғау үшін тағы 77 бекет құру жоспарлануда.

Жалпы еліміздің елді мекендерін өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер уәкілетті органдардың және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Р. Скляр**

**Қазақстан Республикасы**  
**Парламенті Сенаты депутаттарының тізімі**

1. Г.Г. Шиповских
2. А.Г. Сатвалдиев
3. З.П. Кузиев
4. Е.А. Больгерт
5. Н.И. Ниязова
6. Ғ.Т. Сарыбаев
7. Б.Т. Орынбасаров